

Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 600. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.06. N 144 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Су кодексін күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 29 сәуірдегі
N 600 қаулысымен
Бекітілген

Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы Ереже<*>

ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініне өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

1. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылаудың мақсаты - барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер, меншік нысанына қарамастан, ведомстволар, мекемелер, ұйымдар мен азаматтардың су ресурстарын пайдалану және оны есепке алу, суды қорғау, оның зиянды ықпалын болдырмау және оны жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету.

2. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды: Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет, Экология және биоресурсстар министрлігі, жергілікті әкімшіліктер, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдық актілерге сәйкес өз құзыры шеңберінде арнайы уәкілдік берілген мына мемлекеттік органдар: Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі (жер асты суларын қорғау бөлігінде), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Жер қатынастары және жерге

орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті, "Казселезащита" өндірістік бірлестігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі су ресурстарын мемлекеттік басқару органдарына және басқа да өкілетті органдарға суды ластанудан сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

"Қазақстан Республикасының шекара әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шекара әскерлері, қажет болған жағдайда өздерінің қызмет етіп жүрген аудандарында, су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін органдарға олардың Қазақстан Республикасының шекаралық өзендерін, ішкі теңіз және аумақтық суларын кемелер мен жүзу құралдары арқылы ластануынан сақтау жөніндегі қызметіне қолдау көрсетеді.

3. Суды пайдалану мен қорғауға бақылау жүргізетін Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет жүйесі органдарының құрамына :

Су ресурстары жөніндегі комитет орталық аппаратының су ресурстары басқармасы ;

бассейндік (аумақтық) су шаруашылығы бірлестіктері;
бірлескен пайдаланудағы су қоймалары дирекциялары кіреді.

Аталған мемлекеттік органдар:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, лауазымды адамдар мен азаматтардың суды пайдалану мен қорғау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауына ;

су объектілерінің ұтымды пайдалануына (оларды кешенді пайдалану талаптарын сақтай отырып,) суларды ластанудан, сорлану мен сарқылудан сақтауға, сондай-ақ су объектілерін берілген мақсаттарға сәйкес пайдалануға;
су ақысының уақтылы төленуіне ;

су жинау құрылыстарын, су шаруашылығы жүйелері мен су қоймаларын, сондай-ақ көлдер мен су қоймасы ретінде пайдаланатын су тоғандарын пайдалану тәртібін сақтауға ;

меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың есеп беруді жүргізуімен белгіленген мерзімді сақтауына, су объектілерінен алынған және оларға төгілетін сулардың мөлшеріне, төгілген сулардың сапасын анықтауға бастапқы есеп жүргізудің дұрыстығына, тұтынылған және төгілген сулардың есебін алатын құрал-жабдықтар мен аппаратуралардың сақталуына

және жәй-күйіне, осы құрал-жабдықтар мен аппаратуралардың белгіленген мерзімде мемлекеттік аттестациядан өткізілуіне;

су қорғау аймақтары мен белдеулерінде, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың су қорғау шараларын, сондай-ақ судың зиянды әсерімен (су тасқыны, су басуы, жер асты суының көтерілуі, жағалардың құлауы және басқа зиянды құбылыстар) күресу шараларын о р ы н д а у ы н а ;

судың жай-күйіне ықпал ететін кәсіпорындар, құрылыстар, және басқа объектілер тұрғызу (қайта салу) жобаларында суды ұтымды пайдалану жөніндегі нормативті талаптардың орындалуына;

су тұтыну мен суды алып кету мөлшері мен тәртібінің, сондай-ақ суды пайдаланудың белгіленген режимінің сақталуына;

кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға суды пайдалану мен қорғау саласында ғылым мен техника және озат тәжірибе жетістіктерін, су тұтыну мөлшерін азайту жөніндегі шараларды енгізуге бақылау жасауды жүзеге а с ы р а д ы .

4. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеті жүйесінің су ресурстарын пайдалану мен қорғауға бақылау жөніндегі мемлекеттік о р г а н д а р ы :

мемлекеттік органдардың қорытындыларын ескере отырып табиғат қорғау, жерге орналастыру органдарының, санитарлық қадағалау, балық, жер қойнауын қорғау және басқа мүдделі органдардың келісуге ұсынған:

судың жай-күйіне ықпал ететін, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, құрылыстардың және басқа объектілердің салынатын орнын анықтау жөніндегі ұсыныстарын;

судың жай-күйіне ықпал ететін кәсіпорындардың, құрылыстардың және басқа объектілердің, меншік түріне қарамастан, салынатын және қайта салынатын ж о б а л а р ы н ;

судың жай-күйіне ықпал ететін, су объектілерінде жүргізілетін құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын, пайдалы қазбалар мен су өсімдіктерін өндіру, кабель тарту, құбырлар мен басқа коммуникацияларды жүргізу жөніндегі жұмыстарын, ағаш кесу сондай-ақ бұрғылау, ауыл шаруашылық авиациялық өңдеу және басқа жұмыстар туралы материалдарын қ а р а й д ы ;

келісім алуға тапсырылған дара пайдалануға берілген су объектілеріндегі екінші кезектегі су пайдалану шарттарын, судың зиянды ықпалын болдырмау және жою жөніндегі шараларын қарайды;

су тасқынына қарсы құрылған комиссиялардың жұмысына қатысады; белгіленген тәртіппен су объектілерін өнеркәсіптік, коммуналды-тұрмыстық,

кәріздік және басқа ақаба суларды төгу үшін, ауыл шаруашылығы жерлерін ақаба сулармен суару үшін рұқсатты қоса отырып, су объектілерін пайдалануға рұқсатты қоса отырып белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалануға рұқсат б е р е д і ж ә н е о н ы ж о я д ы ;

сулардың (су объектілерінің) жай-күйіне ықпал ететін өндірістік (оның ішінде ауыл шаруашылық) және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерді (іске қосылатын кешендерді) пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың құрамына кіреді;

арнайы су пайдалануға келісімсіз және рұқсатсыз жүргізілген судың жай-күйіне ықпал ететін су шаруашылығы, су қорғау және басқа объектілерді қаржыландыру, жобалау мен салуды тоқтату туралы талаптарды белгіленген заңдық тәртіппен енгізеді және Қазақстан Республикасының Су кодексі мен "Қазақ ССР-інде қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы" Заңды бұзғандығы туралы тексеру материалдарын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кінәлілерді жауапқа тарту үшін жергілікті құқық қорғау органдарына тапсырады.

5. Қоғамдық бірлестіктер және азаматтармен өзара іс-әрекет жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитет жүйесінің су ресурстарын пайдалану мен қорғауға бақылау жасау жөніндегі м е м л е к е т т і к о р г а н д а р ы :

су ресурстарын ластанудан, сорлану мен сарқылудан қорғау, сапасын сақтау, су пайдаланушылардың өз міндетін орындауына бақылау жасау жөніндегі қоғамдық акцияларды қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың жүзеге асыруына барынша қолдау ж ә н е ықпал ж а с а й д ы ;

су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласында арнайы білімі мен жұмыс тәжірибесі бар азаматтарды қоғамдық инспекторлар ретінде жұмысқа тартады;

қоғамдық ұйымдар мен азаматтарды олардың сұрауы бойынша су ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғау жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар т у р а л ы х а б а р д а р е т е д і ;

қоғамдық табиғат қорғау бірлестіктерінің жұмыстарына қатысады.

6. Суды пайдалану мен қорғауды реттеуге жауапты Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет төрағасының орынбасары лауазымы бойынша сонымен бір мезгілде Суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік инспекторы, ал су ресурстары басқармасының бастығы - оның орынбасары болып табылады.

Бассейндік (аумақтық) су шаруашылығы бірлестіктерінің бастықтары лауазымы бойынша Суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік (аумақтық) бас мемлекеттік инспекторлар, ал олардың орынбасарлары - Суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі бассейндік (аумақтық) бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитеттің су ресурстары басқармасы бастығының орынбасары, бас және жетекші мамандары лауазымы бойынша тиісінше Суды пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі Қазақстан Республикасының аға мемлекеттік инспекторлары және мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Бассейндік (аумақтық) су шаруашылығы бірлестіктерінің учаске, бөлім бастықтары және гидрохимиялық лабораториялардың меңгерушілері лауазымы бойынша сонымен бір мезгілде Суды пайдалануды реттеу мен қорғау жөніндегі бассейндік (аумақтық) аға мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет бекіткен тізбеге сәйкес су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет жүйесінің басқа қызметкерлеріне де су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспектор құқығы беріледі.

7. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өз құзыры шегінде мынадай:

министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан, ведомстволық бағыныстылығына, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан, лауазымды адамдардан және жекелеген азаматтардан міндетті түрде орындалуға тиісті суды пайдалану мен қорғауды жақсарту жөніндегі, су мен су тоғандарына, ақаба суларға лабораториялық бақылау ұйымдастыру жөніндегі және Қазақстан Республикасының су ресурстары жөніндегі комитет және Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген көлемде, еседе және номенклатурада суды төгудің мүмкін шегіне бақылау жасау жөніндегі тиісті шараларды жүргізу бойынша талап қоюға; суды пайдалану және оны қорғау тәртібі бұзылған жағдайда не су объектілерін көзделген мақсатта пайдаланбаған жағдайда кәсіпорындарға, ұйымдарға, мекемелерге және азаматтарға берілген арнайы су пайдалануға рұқсаттың күшін белгіленген тәртіппен пәрменділігін тоқтатуға;

белгіленген нұсқадағы қызмет куәлігін көрсетіп тәуліктің кез-келген уақытында кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және басқа объектілерге кедергісіз кіруге, суды пайдалану мен қорғаудың бұзылуын жоюға міндетті түрде орындауға тиісті талап қоюға құқылы. Қажет болған жағдайда (авариялық төгілу қаупі, су объектілерін ластау қаупі, рұқсатсыз су жинау және т.т.) кәсіпорындарды уақытша жабады;

қажет болған жағдайда тиісті зерттеу және авариялық жағдайларда қорытынды беру үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ғылыми-зерттеу мекемелерін, лабораторияларды және басқа ұйымдарды жұмысқа тартуға;

суды пайдалану мен қорғаудың жайын анықтау үшін лауазымды адамдар мен жеке азаматтардан қажетті мәліметтерді, оның ішінде лабораториялық зерттеулерді және т.б. алуға;

адамдарға не су объектілерінің өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиянды заттардың, осы заттар құрамына кіретін қоспалардың белгіленген мөлшерден тыс суға тасталу себептері мен жағдайларын анықтау үшін кемелер мен басқа жүзу құралдарын тоқтатуға және қарап шығуға, осы заттар және қоспалармен операция жүргізудің кеме құжаттарында тіркелгендігінің дұрыстығын тексеруге;

жүргізілген тексеріс, қаралғаны және ұсталғаны туралы акт жасауға, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен кінәлі адамдарды әкімшілік жауапқа тартуға;

Қазақстан Республикасында суды пайдалану мен қорғау саласында заңдылықты бұзғандығы үшін әкімшілік тәртіппен ақшалай айыппұл салуға;

су тоғандарға белгіленген талаптарды бұзып, пайдаланылған ақаба су төгуді шектеу, тоқтата тұру және тыйым салу туралы, жекелеген өндірістік қондырғылардың, цехтардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмыстарын тоқтатуға дейін арнайы өкілеттігі бар мемлекеттік органдардың алдында өтініш жасауға;

суды пайдалану мен қорғаудың белгіленген қалпы мен тәртібін бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапқа тарту туралы тиісті министрліктер, комитеттер мен ведомстволар алдына, меншік нысанына қарамастан кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының алдына мәселе қоюға сондай-ақ қажет болған жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес су заңдарын бұзған кінәлі адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін мәселені шешу жөнінде прокуратура органдарына материалдар беруге құқы бар.

8. Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет жүйесінің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін органдардың лауазымды адамдары қажет болған жағдайда кінәлі адамдарға қоғамдық шара қолдану үшін су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы белгіленген қалып пен тәртіптің бұзылғандығы туралы деректерді арнайы қоғамдық ұйымдардың назарына жеткізеді.

9. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін мемлекеттік инспекторларға белгіленген үлгідегі куәлік, айырмашылығы бар пішімді киім-кешек және кеудеге тағатын белгі беріледі.

10. Қызметтік міндетін орындау үшін су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін мемлекеттік инспекторларға барлық көлік түрлеріне кезексіз билет алуына (іссапар куәлігі мен жеке куәлігі болған жағдайда) құқық беріледі, сондай-ақ тексерілетін кәсіпорындар оларды керекті көлікпен, баспанамен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етеді.

11. Қызметтік міндетін орындау кезінде су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін мемлекеттік инспекторлар мемлекеттің қорғауында болады. Қызметтік міндетін орындауға кедергі келтіретін кез-келген әрекет Қазақстан Республикасының белгіленген заңдарымен жауапты болады.

12. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттеуге мемлекеттік бақылау жүргізу процесінде қандай да болмасын лауазымды адамның немесе органның араласуына тыйым салынады.

13. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін мемлекеттік инспектордың шешімі міндетті түрде орындалуы тиіс, осы шешім туралы жоғары тұрған су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін мемлекеттік инспекторға шағым түсіруге болады. Түсірілген шағым айыппұл төлеуді тоқтатпайды. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауды реттейтін Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік инспекторының шешімін барлық министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік комитеттер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер міндетті түрде орындауы тиіс және заңдық тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

14. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізу барысындағы Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің, Геология және жер қойнауын зерттеу министрлігінің, Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Казселезащита" өндірістік бірлестігінің органдары мен лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері мемлекеттік қадағалаудың (бақылаудың) тиісті түрі жөніндегі ережелермен, қадағалауды (бақылауды) жүзеге асыратын органдар жөніндегі ережелермен және қолданылып жүрген басқа да заңдық актілермен белгіленеді.

15. Су ресурстарын пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі су заңдарымен, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекспен, Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі комитет және өз құзыры шегінде су ресурстарын пайдалану және қорғауға мемлекеттік бақылау жүргізетін басқа да министрліктер мен ведомстволар бекітетін ережелермен, нұсқаулармен басқа да нормативті және ведомстволық актілермен белгіленеді.